

"Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша шығыс нормаларын, оқуға және тағылымдаған өтүге арналған ұлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі № 462 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 қыркүйекте № 15773 болып тіркелді

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 44-4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРДАМЫН:**

1. "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша шығыс нормаларын, оқуға және тағылымдаған өтүге арналған ұлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7613 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 29 мамырдағы № 274-278 (27352) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

""Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 44-4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРДАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Елдер бөлінісінде "Болашақ" халықаралық стипендиясының көлемін анықтау үшін шығыс нормаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалғаннан кейін академиялық оқу немесе тілдік курстан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдаған өту басталуына дейін күнтізбелік 30 күннен ерте емес Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу, тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдаған өту орнына дейін бару және тілдік курстар, магистратура алдындағы дайындық, академиялық оқу немесе тағылымдаған өту аяқталғаннан кейін күнтізбелік 15 күннен кешіктірілмей кері бағытта жол журу, академиялық оқу 1 (бір) оқу жылынан ұзақ болған жағдайда, Қазақстан Республикасында тұратын жерінен

оқитын жеріне дейін оқудың әрбір оқу жылы басталуына дейін күнтізбелік 30 күннен ерте емес және кері бағытта жол жүру оқудың әрбір оқу жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 15 күннен кешіктірілмей, сондай-ақ Қазақстан Республикасында визаны ресімдеу не ұзарту қажет болған жағдайда академиялық оқу, тағылымдамадан, тілдік курсардан, магистратура алдындағы дайындықтан өту орнынан және кері бағытта жол жүру бойынша шығыс нормалары.

Шығыстарды төлеу растаушы құжаттардың негізінде нақты шығыстар бойынша жүқ тасымалдау ақысын төлеусіз, жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының ішінде жол жүру бойынша – тікелей қатынайтын әуе және (Қазақстан Республикасына келген сәттен тұру жеріне дейін/тұру жерінен Қазақстан Республикасынан шығу сәтіне дейін күнтізбелік 5 күннен аспауы қажет) купе вагоны (жүрдек поездардың жұмсақ дивандары төмен орналасқан, қалпын реттейтін құрылғысымен бірге жұмсақ креслолары бар (СВ), сондай-ақ "Турист" және "Бизнес" класындағы 2 орындық купелі вагондарды қоспағанда) тарифінен жоғары емес теміржол көлігін пайдалану үшін сол аймақта қолданыстағы жол жүру құнымен тас жол және қара жол бойынша автокөлікті (таксиді қоспағанда) пайдалану үшін;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерге жол жүру бойынша – үнемділік класы бойынша тікелей қатынайтын әуе көлігін пайдалану үшін (жол жүру уақыты күнтізбелік 5 күннен аспауы қажет), теміржол көлігін пайдалану үшін, сол аймақта қолданыстағы жол жүру құны бойынша тас жол мен қара жол бойынша автокөлікті (таксиді қоспағанда) пайдалану үшін.

Стипендияны есептеу стипендиаттың нақты тұрған жерінің шығыс нормалары бойынша жүргізіледі. Егер стипендиат тілдік курсар, магистратура алдындағы дайындық, академиялық оқу (практика, зерттеу немесе бекітілген оқу жоспарында/жеке оқу жоспарында көзделген басқа жұмыс) уақытында "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалған елден ерекшеленетін елде, штатта немесе қалада болса, есептеу стипендиаттың нақты тұратын елінің бекітілген нормативі бойынша осындай норматив елдер бөлінісіндегі шығыс нормаларының бекітілген тізімінде болса, жүргізіледі. Норматив болмаған жағдайда, есептеу тағайындау елі бойынша жүргізіледі . Стипендиат академиялық оқу (практика, зерттеу немесе бекітілген оқу жоспарында/жеке оқу жоспарында қарастырылған басқа жұмыс) кезінде Қазақстан Республикасы аумағында болса, есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандығы № 116 қаулысымен бекітілген Білім беру үйимдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидалары және олардың мөлшерлеріне сәйкес жасалады.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлеріне оқу елінде тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомасын есептеу кезеңі шетелдік жоғары оқу орнының / білім беру үйимының академиялық күнтізбесіне, шақыру хатына (алғаш рет шығатындар үшін), студенттік визаны рәсімдеу үшін иммиграциялық емес нысандарға

(DS-2019, 1-20), тағылымдамадан өтудің бекітілген бағдарламасына, бекітілген оқу жоспарына / жеке оқу жоспарына (академиялық оқуын жалғастыруға шығатындар үшін) сәйкес оқу елінде нақты оқудың, тағылымдамадан, тілдік курсардан, магистратура алдындағы дайындықтан өтудің, бірақ оқуды/тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру шартымен белгіленген мерзімнен аспайтын кезеңі болып табылады.

Оқу елінде тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомаларын есептеу әрбір күнтізбелік айға толық көлемде жасалады.

Академиялық оқудың, тағылымдамадан, тілдік курсардан, магистратура алдындағы дайындықтан өтудің бірінші айы және академиялық оқудың, тағылымдамадан, тілдік курсардан, магистратура алдындағы дайындықтан өтудің соңғы айы күндерінің жалпы саны күнтізбелік отыз немесе одан кем күнді құраса, онда төлем академиялық оқудың, тағылымдамадан, тілдік курсардан, магистратура алдындағы дайындықтан өтудің бірінші немесе соңғы айында жүзеге асырылады.

Оқу кезеңінің бірінші немесе соңғы айының оқу күндерінің саны күнтізбелік үш күннен аспаса, онда осы айлар үшін төлем жасалмайды.

Академиялық оқу кезеңінде оқу материалдарын сатып алу шығыстарының сомаларын есептеу бекітілген оқу жоспарына сәйкес жылына екі рет жүргізіледі, тілдік курсардан, магистратура алдындағы дайындықтан және тағылымдамадан өту кезеңінде ай сайын жүргізіледі.

Тұру, тамақтану және оқу әдебиеттерін сатып алу үшін стипендияны есептеу және төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен бекітілген нормаларға сәйкес ведомость құру күніндегі валюта айырбастаудың нарықтық курсы бойынша жүргізіледі. Тұру және тамақтану шығыстарының ай сайынғы сомаларын төлеу алдыңғы айдың 25-інен бастап ағымдағы айдың 5-іне дейін жүргізіледі.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің жоғары арнаулы білім алу, клиникалық ординатурада, аспирантурада оқу үшін "бакалавриат" бағдарламасы бойынша оқу процесінде оқу әдебиеттерін сатып алу бойынша шығыс нормалары 2012 жылға дейінгі "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысқан стипендия иегерлеріне қолданылады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер немесе жалпы конкурс санаттары бойынша конкурсқа қатысқан адамдар үшін) арналған үлгілік шартта:

1.2.-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1.2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүргізілген "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу конкурсының нәтижелері бойынша Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі – Республикалық комиссия) отырысының 20 __жылғы "__

хаттамасының негізінде Орталық "Болашақ" стипендиясы шеңберінде _____
_____ (оқу елі, оқу орны атауы көрсетілсін (бұдан әрі –
оқу орны)) магистратура бағдарламасы _____
бойынша (мамандық атауы көрсетілсін) Стипендиаттың оқу үйіміндағы оқуы
басталған күнінен бастап магистратура алдындағы дайындықтан өтудің _____
мерзімі (қажет болған жағдайда) және Стипендиаттың оқу орнындағы оқуы басталған
күнінен бастап академиялық оқудан өтудің _____ семестр/триместр, барлығы _____ жыл _____
ай мерзімі кезеңдерінен тұратын оқудың _____ жыл _____ ай жалпы мерзімімен (магистратура алдындағы дайындық пен академиялық оқу арасындағы кезеңді қоспағанда) Стипендиаттың оқуын үйімдастырады.";

2.2.5.-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Шарттың 2.3.22. тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының үйімдарында не акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қазақстан Республикасына не ұлттық компанияларға тиесілі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан үйімдарда қызмет ету кезеңінде алған Стипендиаттар туралы мәліметтерді пайдалануға.

Көрсетілген мәліметтерді Орталық Республикалық комиссияға, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияға, Әріптерге, оқу орнына, жұмыс берушіге және әлеуетті жұмыс берушілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдарға қажет болған жағдайда ұсынады.";

2.3.19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.19. Бекітілген оқу жоспарына сәйкес оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына оралған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа:

оқудың аяқталуы туралы өтінішті;

оқу орны белгілеген үлгі бойынша осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген мамандық бойынша магистр дәрежесі тағайындалғаны туралы құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармаларын;

диссертациялық/дипломдық жұмыс бағаларын көрсете отырып, қорытындысын қоса алғанда, оқуының барлық кезеңі бойынша транскрипті;

диссертациялық/дипломдық жұмыстың электрондық нұсқасын ұсынады.

Оқу орны белгілеген шарттар бойынша көрсетілген құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, Орталыққа уақытылы тапсырмау себебі мен Оқу орнының мөрімен және академиялық куратордың қолымен куәландырылған растама хатпен бірге тиісті құжаттың ұсынылатын мерзімі көрсетілген жазбаша өтінішті ұсынуы қажет.";

2.3.22. және 2.3.23.-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.22. Қағиданың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алған мамандығы бойынша еңбек қызметін үздіксіз жүзеге асыруға.

2.3.23. Жұмысқа орналасқаннан кейін құнтізбелік 10 (он) күн ішінде бұл туралы Орталыққа растама құжаттарды қосымша бере отырып және ұйымның толық атауы мен қызметін, сондай-ақ жұмысын бастаған күнін көрсете отырып, әрбір 6 (алты) ай сайын Орталыққа осы шарттың 2.3.22.-тармағына сәйкес жұмыспен өтеу бойынша міндеттемелерін мақұлдау үшін жұмысқа орналасқаны туралы өзекті мәселені (жұмыс орнынан анықтама), әрбір 12 (он екі) ай сайын төлкүжатының (барлық беті) нотариалды куәландырылған көшірмесін, жұмыс орнынан мінездемені, зейнетақы қорынан үзінді көшірмені, сондай-ақ байланыс ақпараттарды (тұрғылықты жерінің мекен-жайын, үй, жұмыс, ұялы телефон нөмірлерін, электрондық мекен-жайын) ұсынуға. Стипендиат осы Шарттың 2.3.21.-тармақшасына сәйкес Орталықтың көмегінен бас тартқан, сондай-ақ жұмысқа ұзақ уақыт (Қазақстан Республикасына оралған сәттен осы Шарттың 2.3.22.-тармағына сәйкес жұмыс өтелімінің қажетті мерзімінен 30 % артық) орналаспаған жағдайда Орталық осы Шарттың 2.2.7-тармақшасында көзделген шараларды жүзеге асырады.";

8.1.-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.1. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған және осы Шарттың 4-бөлімінде белгіленген ережелер негізінде жасалған жылжымайтын мулік кепіл шарты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар барлық міндеттемелерді, оның ішінде осы шарттың 2.3.22.-тармағына сәйкес қызметі бойынша міндеттемелерді толық орындаған сәтке дейін әрекет етеді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген PhD докторы, бейіні бойынша (маман даярлауға жұмыс берушінің тапсырысын ұсынған мемлекеттік қызметшілер, ғылыми, педагог қызметкерлер арасынан) доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шартта:

2.2.5.-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Шарттың 2.3.18.-тармағына сәйкес еңбек қызметі кезеңінде алған Стипендиаттар туралы мәліметтерді пайдалануға.

Көрсетілген мәліметтерді Орталық Республикалық комиссияға, "Болашак" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияға, Әріптестерге, оқу орнына, Жұмыс берушіге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдарға қажет болған жағдайда ұсынады.";

2.3.18. және 2.3.19.-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.18. Бекітілген жеке оқу жоспарында көзделген оқудың толық курсын аяқтағаннан және дәреже алғаннан кейін құнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қазақстан Республикасына келуге, Орталыққа Қазақстан Республикасына кіруі туралы белгісі қойылған паспорт көшірмесін ұсынуға және Еңбек қызметі Қағиданың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алған мамандығы бойынша үзіліссіз еңбек қызметін жүзеге асыруға.

2.3.19. Бекітілген жеке оқу жоспарына сәйкес оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына оралған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа:

оқудың аяқталғаны туралы өтінішті;

оқу орны белгілеген үлгі бойынша осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген мамандық бойынша Phd докторы, бейін бойынша доктор дәрежесі тағайындалған туралы құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды қуәландырылған аудармаларын;

диссертациялық/дипломдық жұмыс бағаларын көрсете отырып, қорытындысын қоса алғанда, оқуының барлық кезеңі бойынша транскриптті;

диссертациялық/дипломдық жұмыстың электрондық нұсқасын ұсынады.

Оқу орны белгілеген шарттар бойынша көрсетілген құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, Орталыққа уақытылы тапсырмау себебі мен Оқу орнының мөрімен және академиялық куратордың қолымен қуәландырылған растама хатпен бірге тиісті құжаттың ұсынылатын мерзімі көрсетілген жазбаша өтінішті ұсынуы қажет.";

8.1.-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.1. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған және осы Шарттың 4-бөлімінде белгіленген ережелер негізінде жасалған жылжымайтын мүлік кепіл шарты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар барлық міндеттемелерді, оның ішінде осы шарттың 2.3.18-тармағына сәйкес қызметі бойынша міндеттемелерді толық орындаған сәтке дейін әрекет етеді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған (конкурсқа мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-педагог қызметкерлер, инженерлік-техникалық қызметкерлер, мәдениет қызметкерлері, шығармашылық қызметкерлер, бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының қызметкерлері санаттары бойынша қатысқан тұлғалар үшін) үлгілік шартта:

1.2.-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1.2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20__ жылғы "___" №___ қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес жүргізілген "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу конкурсының нәтижелері бойынша Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі – Республикалық комиссия) отырысының 20__ жылғы "___" хаттамасының негізінде Орталық "Болашақ" стипендиясы шенберінде _____

(оқу елі, оқу орны атавы көрсетілсін (бұдан әрі – оқу орны)) _____ (мамандық атавы көрсетілсін) бойынша Стипендиаттың оқу ұйымындағы (ағылшын тілін үйрену үшін) окуы басталған күнінен бастап Қазақстан Республикасында тілдік курстардан өтудің ____ айдан аспайтын мерзімі, Стипендиаттың оқу орнындағы окуы басталған күнінен бастап

шетелде тілдік курстардан өтудің _____ мерзімі, Стипендиаттың оқу үйіндағы оқуы басталған күнінен бастап магистратура алдындағы дайындықтан өтудің ____ айдан аспайтын мерзімі (қажет болған жағдайда) және Стипендиаттың оқу орнындағы оқуы басталған күнінен бастап академиялық оқудан өтудің ____ семестр/триместр, барлығы ____ жыл ____ ай мерзімі кезеңдерінен тұратын оқудың _____ жыл _____ ай жалпы мерзімімен (тілдік курстар, магистратура алдындағы дайындық және академиялық оқу арасындағы кезеңді қоспағанда) Стипендиаттың оқуын үйімдастырады.";

2.2.6.-тармақтың 4) тармақшы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Шарттың 2.3.22.-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы қызмет ету кезеңінде алған Стипендиаттар туралы мәліметтерді пайдалануға.

Көрсетілген мәліметтерді Орталық Республикалық комиссияға, "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарau жөніндегі комиссияға, Серіктестерге, оқу орнына, Жұмыс берушіге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдарға қажет болған жағдайда ұсынады.";

2.3.22. және 2.3.23.-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.22. Бекітілген жеке оқу жоспарында көзделген оқудың толық курсын аяқтағаннан және дәреже алғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қазақстан Республикасына келуге, Орталыққа Қазақстан Республикасына кіруі туралы белгісі қойылған паспорт көшірмесін ұсынуға және Еңбек қызметі Қағиданың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алған мамандығы бойынша ұзіліссіз кемінде еңбек қызметін жүзеге асыруға.

2.3.23. Бекітілген оқу жоспарына сәйкес оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына оралған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа:

оқудың аяқталғаны туралы өтінішті;

оқу орны белгілеген үлгі бойынша осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген мамандық бойынша магистр дәрежесі тағайындалғаны туралы құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармаларын;

диссертациялық/дипломдық жұмыс бағаларын көрсете отырып, қорытындысын қоса алғанда, оқуының барлық кезеңі бойынша транскриптті;

диссертациялық/дипломдық жұмыстың электрондық нұсқасын ұсынады.

Оқу орны белгілеген шарттар бойынша көрсетілген құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, Орталыққа уақытылы тапсырмау себебі мен Оқу орнының мөрімен және академиялық куратордың қолымен куәландырылған растама хатпен бірге тиісті құжаттың ұсынылатын мерзімі көрсетілген жазбаша өтінішті ұсынуы қажет.";

8.1.-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.1. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған және осы Шарттың 4-бөлімінде белгіленген ережелер негізінде жасалған жылжымайтын мүлік кепіл шарты

мемлекеттік тіркелген күннен бастап құшіне енеді және Тараптар барлық міндеттемелерді, оның ішінде осы шарттың 2.3.22.-тармағына сәйкес қызметі бойынша міндеттемелерді толық орындаған сөтке дейін әрекет етеді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Резидентурада оқу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысқан тұлғалар үшін) арналған ұлгілік шартта:

2.2.5.-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Шарттың 2.3.23.-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдарында не акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қазақстан Республикасына не ұлттық компанияларға тиесілі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан ұйымдарда еңбек қызметі кезеңінде алған Стипендиаттар туралы мәліметтерді пайдалануға.

Көрсетілген мәліметтерді Орталық Республикалық комиссияға, "Болашак" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияға, Әріптестерге, Оқу орнына, Жұмыс берушіге және әлеуettі жұмыс берушілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдарға қажет болған жағдайда ұсынады.";

2.3.20.-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.20. Бекітілген оқу жоспарына сәйкес оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына оралған күннен бастап құнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа:

оқудың аяқталғаны туралы өтінішті;

оқу орны белгілеген үлгі бойынша осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген мамандық бойынша резидентураны аяқтағаны туралы құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармаларын;

диссертациялық/дипломдық жұмыс бағаларын көрсете отырып, қорытындысын қоса алғанда, оқуының барлық кезеңі бойынша транскриптті;

диссертациялық/дипломдық жұмыстың әлектрондық нұсқасын ұсынады.

Оқу орны белгілеген шарттар бойынша көрсетілген құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, Орталыққа уақытылы тапсырмау себебі мен Оқу орнының мөрімен және академиялық куратордың қолымен куәландырылған растама хатпен бірге тиісті құжаттың ұсынылатын мерзімі көрсетілген жазбаша өтінішті ұсынуы қажет.";

2.3.23. және 2.3.24.-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.23. Қағиданың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алған мамандығы бойынша үзіліссіз жұмыс істеуге.

2.3.24. Жұмысқа орналасқаннан кейін құнтізбелік 10 (он) күн ішінде бұл туралы Орталыққа растама құжаттарды қосымша бере отырып және ұйымның толық атауы мен қызметін, сондай-ақ жұмысын бастаған күнін көрсете отырып, әрбір 6 (алты) ай сайын Орталыққа осы шарттың 2.3.23.-тармағына сәйкес жұмыспен өтеу бойынша

міндеттемелерін макұлдау үшін жұмысқа орналасқаны туралы өзекті мәселені (жұмыс орнынан анықтама), әрбір 12 (он екі) ай сайын төлкүжатының (барлық беті) нотариалды куәландырылған көшірмесін, жұмыс орнынан мінездемені, зейнетақы қорынан үзінді көшірмені, сондай-ақ байланыс ақпараттарды (тұрғылықты жерінің мекенжайын, үй, жұмыс, ұялы телефон нөмірлерін, электрондық мекенжайын) ұсынуға. Стипендиат осы Шарттың 2.3.22.-тармақшасына сәйкес Орталықтың көмегінен бас тартқан, сондай-ақ жұмысқа ұзақ уақыт (Қазақстан Республикасына оралған сәттен осы Шарттың 2.3.23.-тармағына сәйкес жұмыс өтелімінің қажетті мерізмінен 30 % артық) орналаспаған жағдайда Орталық осы Шарттың 2.2.7.-тармақшасында көзделген шараларды жүзеге асырады.";

8.1.-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.1. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған және осы Шарттың 4-бөлімінде белгіленген ережелер негізінде жасалған жылжымайтын мүлік кепіл шарты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар барлық міндеттемелерді, оның ішінде осы шарттың 2.3.15-тармағына сәйкес қызметі бойынша міндеттемелерді толық орындаған сәтке дейін әрекет етеді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген PhD докторы, доктор бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысқан тұлғалар үшін) арналған ұлгілік шартта:

2.2.5.-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Шарттың 2.3.23.-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдарында не акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) Қазақстан Республикасына не ұлттық компанияларға тиесілі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан ұйымдарда еңбек қызметі кезеңінде алған Стипендиаттар туралы мәліметтерді пайдалануға.

Көрсетілген мәліметтерді Орталық Республикалық комиссияға, "Болашак" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияға, Серіктестерге, оқу орнына, Жұмыс берушіге және әлеуетті жұмыс берушілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес мемлекеттік органдарға қажет болған жағдайда ұсынады.";

2.3.20.-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.20. Бекітілген жеке оқу жоспарына сәйкес оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына оралған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа:

оқудың аяқталғаны туралы өтінішті;

оқу орны белгілеген үлгі бойынша осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген мамандық бойынша PhD докторы, бейін бойынша доктор дәрежесі тағайындалғаны туралы құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармаларын;

диссертациялық/дипломдық жұмыс бағаларын көрсете отырып, қорытындысын қоса алғанда, оқуының барлық кезеңі бойынша транскриптті;

диссертациялық/дипломдық жұмыстың электрондық нұсқасын ұсынады.

Оқу орны белгілеген құжаттарды беру шарттары бойынша көрсетілген құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, Орталыққа уақытылы тапсырмау себебі мен оқу орнының мөрімен және академиялық куратордың қолымен куәландырылған растама хатпен бірге тиісті құжаттың ұсынылатын мерзімі көрсетілген жазбаша өтінішті ұсынуы қажет.";

2.3.23. мен 2.3.24.-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.23. Қағиданың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алған мамандығы бойынша үзіліссіз жұмыс істеуге.

2.3.24. Жұмысқа орналасқаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Орталыққа растама құжаттарды қосымша бере отырып және ұйымның толық атауы мен қызметін, сондай-ақ жұмысын бастаған күнін көрсете отырып, әрбір 6 (алты) ай сайын Орталыққа осы шарттың 2.3.23.-тармағына сәйкес жұмыспен өтеу бойынша міндеттемелерін макұлдау үшін жұмысқа орналасқаны туралы өзекті мәселені (жұмыс орнынан анықтама), әрбір 12 (он екі) ай сайын төлкүжатының (барлық беті) нотариалды куәландырылған көшірмесін, жұмыс орнынан мінездемені, зейнетақы қорынан үзінді көшірмені, сондай-ақ байланыс ақпараттарды (тұрғылықты жерінің мекенжайын, үй, жұмыс, ұялы телефон нөмірлерін, электрондық мекенжайын) ұсынуға. Стипендиат осы Шарттың 2.3.22.-тармақшасына сәйкес Орталықтың көмегінен бас тартқан, сондай-ақ жұмысқа ұзақ уақыт (Қазақстан Республикасына оралған сәттен осы Шарттың 2.3.23.-тармағына сәйкес жұмыс өтелімінің қажетті мерізмінен 30 % артық) орналаспаған жағдайда Орталық осы Шарттың 2.2.7.-тармақшасында көзделген шараларды жүзеге асырады.";

8.1.-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.1. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған және осы Шарттың 4-бөлімінде белгіленген ережелер негізінде жасалған жылжымайтын мулік кепіл шарты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар барлық міндеттемелерді, оның ішінде осы шарттың 2.3.23.-тармағына сәйкес қызметі бойынша міндеттемелерді толық орындаған сәтке дейін әрекет етеді."

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Н.А. Байжанов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық

актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік көсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

E. Сагадиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК